БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 205 (9523) | 1954 жылғы 15 октябрь Жұма | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

СОВЕТ-ҚЫТАЙ КЕЛІССӨЗДЕРІ ТУРАЛЫ МАЗМҰНДАМА (1-бет).

Совет Үкмет делегациясының Пекиннен жүріп кетуі (2-бет).

Совет Одағының Үкмет делегациясының Берлиннен жүріп кетуі (2-бет).

МАЛ ҚЫСТАТУҒА БАРЛЫҚ ЖАҒЫНАН ТЫҢҒЫЛЫҚТЫ ӘЗІРЛЕНЕЙІК: **Б. Ақтанов.** —Шөп шабуды тоқтатып қойған. **Б. Жақыпов.** —Табысты баянды ету жолында. **Б. Қасенов.** —Мал қыстатуға қашан әзірленбек? **К. Есімов.** —Ленин ауданында мал қыстатуға әзірлік нашар. (3-бет).

И. Андроников. —М. Ю. Лермонтов. (3-бет).

Е. Фейге. —Мәдениет орындарын қысқа үлгілі әзірлеу—кезек күттірмейтін міндет (4-бет).

А. Балжанов. —Зор қамқорлық (4-бет).

П. Рысаков. —Халықаралық шолу (4-бет).

Шетел хабарлары (4-бет).

Зябь жырту әрбір колхоз бен совхозда тез аяқталсын

Партиямыз бен үкметіміз ауыл шаруашылығының негізгі саласы болып табылатын астық өндірісін шұғыл өркендетудің еліміз үшін зор маңызы бар екенін ескере келіп, егіс көлемін ұлғайтуды, оның өнімін арттыруды колхоздар мен совхоздардың және МТС-тердің алдына басты міндет етіп қойды. Бұл міндетті мінсіз жүзеге асыру — колхоздар экономикасының нығая түсуіне, колхозшылардың әл-ауқат, мәдени тұрмыс дәрежесінің барған сайын жақсара беруіне, совхоздардың рентабельді, үлгілі шаруашылыққа айналуына мүмкіндік береді.

Облыс колхоздары мен совхоздары астық өндірісін алдағы уақытта жедел өркендету мақсатымен келесі жылы егіс көлемін үстіміздегі жылғыдан едәуір ұлғайтуды жоспарлап отыр. Мәселе егіс көлемін ұлғайтумен бітпейді. Егіннен тұрақты, әрі мол өнім алу үшін көктемгі егісті қысқа мерзімде, сапалы өткізу керек. Ал егіс жұмыстарын қысқа мерзімде өткізу міндеті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарынан бұл іске осы бастан мұқият әзірленуді талап етеді. Сол маңызды әзірліктің бірі —зябь жырту болып саналады.

Кезінде, сапалы жыртылған зябь мол өнімнің негізі екенін облысымыздың алдыңғы қатарлы колхоздары өздерінің жылма-жылғы іс тәжрибелерінен айқын көріп келеді. Мысалға Конюхов ауданындағы «Путь Ленина» колхозын алуға болады. Бұл колхоз быйыл егіннің көпшілігін өткен жылы жыртылған пар мен зябьке екті. Мұның өзі колхозда егін шығымының жақсы болуын қамтамасыз етті. Мұндағы зябьке себілген кейбір участоктердегі жаздық бидайдың әрбір гектарынан 20- 25 центнерден өнім алынды. Колхозда егіннің шығымы жақсы болуы мемлекетке міндетті астық тапсыру жоспарын, МТС жұмыстары үшін заттай ақы төлеу тапсырмасын мерзімінен бұрын орындап шығуға және мемлекетке 60 мың пұттай астық сатуға мүмкіндік берді. Быйыл колхоздың егін шаруашылығынан тапқан табысы ғана біржарым миллион сомға жетпек.

Егін шығымдылығын арттыруда зябь жыртудың осындай маңызы ерекше күшті екенін түсінген алдыңғы қатарлы МТС-тер мен совхоздар және колхоздар бұл жұмысты алғашқы күннен тығырықты ұйымдастырып, оны үлгілі жүргізді. Бұл [illegible] Воронцов атындағы жыртуға бөлінген тракторлардың күшін жұмысқа екі сменада бірдей толық пайдаланып, жоғары көрсеткіштерге ие болды. 10 октябрьге дейін МТС қамтуындағы колхоздардың көпшілігінде зябь жырту жоспары толық орындалды. Ал, МТС бойынша бұл мерзімге дейін жоспардың орындалуы 95 процентке жетті.

Совет ауданындағы «Аралағаш», Молотов атындағы колхоздардың колхозшылары да Совет МТС- нің механизаторларымен жұмысты тығыз ынтымақта істей отырып, зябь жырту жоспарын артығымен орындап шықты. Зябь жырту Ленин ауданының «Бұлақ» және «Еңбек» колхоздарында да табысты аяқталып отыр.

Бұл келтірілген фактілердің барлығы көптеген колхоздардың колхозшылары мен МТС механизаторларының егіншіліктің мәдениетін арттыру жолындағы күреске өздерінің барлық күш- мүмкіншіліктерін жұмылдырғандықтарын, сөйтіп келесі жылдың егінінен мол өнім алудың негізгі бір шарасын жүзеге асырғандықтарын толық дәлелдейді.

СОКП Орталық Комитеті июнь Пленумының қаулысы жергілікті партия, совет ұйымдары мен ауылшаруашылық органдарын әрбір колхозда және совхозда зябь жырту жоспарының сөзсіз орындалуын қамтамасыз етуге, сонымен келесі жылдың егісі түгелінен пар мен зябьке орналасуына жетісуге міндеттеді. Бұл міндетті орындауға облысымызда мүмкіншілік зор. МТС- тер мен совхоздар қуатты техника күшімен және техниканы жете меңгерген механизаторлармен толықтырылды. Осыған қарамастан көп колхоздарда, совхоздарда зябь жырту өте- мөте қанағаттанғысыз жүргізіліп келеді.

Вильямс атындағы МТС өткен жылы зябь жырту жоспарын орындамады. Осы себепті МТС қамтуындағы колхоздарда быйыл егіс жұмыстары ұзаққа созылып, егіннің шығымды болуына нұқсан келтірілді. Бұл кемшіліктен МТС директоры Галямов жолдас тиісті қорытынды шығарып, әрбір трактор бригадасында зябь жырту жұмысының тығырықты жүргізілуін қамтамасыз етуі керек еді. Бірақ МТС-те жағдай буған мүлдем керісінше болып отыр. 10 октябрьге дейін мұнда жоспардың орындалуы небары 37 процент ғана болды. МТС басшылары зябь жырту жұмысының егін жыйнаумен қатқабат жүргізілуіне жетісе алмады. Мұнымен бірге көп трактор бригадаларында жұмыс екі сменада ұйымдастырылмаған. МТС-терде тракторларға техникалық күтім кезінде жүргізілмейді. Осының салдарынан болмашы себептермен тракторлар жұмысқа тәуліктеп қатыспайды. Ал Образцовая МТС-нің басшылары бірқатар тракторларды осы уақытқа дейін зябь жыртуға мүлдем қатыстырмаған. Олар доңғалақты тракторлармен зябь жыртуға болмайды деген зыянды пікірдің шырмауына түскен. Сөйтіп бұл тракторларды жұмысқа қоспай келеді. Мұның өзі МТС-те зябь жырту жоспарының кезінде орындалмауына әкеліп соғып отыр.

Зябь жырту жоспарын әрбір колхоз, совхоз бойынша толық орындап шығу— мемлекеттік маңызы зор іс. Сондықтан жергілікті партия, совет ұйымдарының, колхоз, МТС, совхоз басшыларының міндеті —қолда бар күш- мүмкіншілікті бұл жөніндегі жоспардың таяудағы күндер ішінде орындалуына жұмылдыру болып табылады. Бұл үшін барлық тракторлар зябь жыртуға екі сменада қатыстырылуға тиіс.

Тракторларды түгелінен зябь жыртуға қатыстырумен бірге олардың тоқтаусыз өнімді жұмыс істеуіне барлық жағдай туғызылуы керек. МТС- тердің жылжымалы мастерскойлары әрбір трактор бригадасында күнбе- күн болып, қажет болған жағдайда техникалық көмекті көрсетіп отыруға тиіс.

Кейбір колхоздарда егіндік участоктердегі сабан мен топан кезінде жыйналмағандықтан тракторлардың қарап тұрушылығы жиі кездеседі. Мұндай кемшіліктер, әсресе Преснов, Полудень, Петропавл, Соколов және Приішім аудандарының колхоздарында жиі болып жүр. Колхоз басшылары сабан мен топанды жыйнауға және маялауға барлық күш-мүмкіншіліктерді жұмылдырып, тракторлардың бөгеттісіз жұмыс істеуіне мүмкіндік берулері керек.

Зябь жырту қарқынын күшейтумен бірге оның сапасын да мықтап жақсарту керек. Зябьті сапалы жыртқан жағдайда ғана егіннен мол өнім алынуы қамтамасыз етіледі. Бұл істе агрономдар ұйымдастырушылық роль атқаруға тиіс. Олар әрбір бригадада күнбе- күн болып, зябьтің сапалы жыртылуын бақылап отыруға міндетті.

Зябь жырту жоспарының әрбір колхозда, совхозда толық орындалуына жетісу

Совет-Қытай келіссөздері туралы мазмұндама

Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толуын мейрамдауға байланысты Қытай Үкметінің шақыруы бойынша барған Совет Одағының Үкмет делегациясы —СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары және СССР Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев, СССР Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Н. А. Булганин, СССР Министрлер Советі Председателінің Орынбасары А. И. Микоян, Кәсіпшілер одақтарының Бүкілодақтық Орталық Советінің Председателі Н. М. Шверник, СССР Мәдениет министрі Г. Ф. Александров, «Правда» газетінің бас редакторы Д. Т. Шепилов, СОКП Москва қалалық комитетінің секретары Е. А. Фурцева, Өзбек ССР Құрылыс материалдары өнеркәсіп министрі Я. С. Насриддинова, СОКП Орталық Комитетінің бөлім меңгерушісі В. П. Степанов, СССР-ның Қытай Халық Республикасындағы Елшісі П. Ф. Юдин 29 сентябрьден 12 октябрьге дейін Қытайда болды.

Совет делегациясы ҚХР-де болған кезде, бір жағынан, делегация мүшелерінің, және, екінші жағынан, ҚХР Мемлекеттік Советінің премьері және Сыртқы істер министрі Чжоу Энь-лайдың премьердің орынбасарлары Чэнь Юньнің, Пынь Дэ-хуайдың, Дэн Сяо-пиннің, Дэн Цзы-хуэйдің, Ли-Фу-чуньнің арасында Совет- Қытай қатынастары мен халықаралық жағдайдың мәселелері жөнінде келіссөздер жүргізілді.

Келіссөздерге сонымен қатар ҚХР Председателі Мао Цзэдун, ҚХР Председателінің орынбасары Чжу Дэ, ҚКП Орталық Комитетінің секретары және халық өкілдерінің Бүкілқытайлық Жыйналысы Тұрақты комитетінің Председателі Лю Шао- ци қатысты.

Келіссөздер шын ниетті достық және өзара түсінушілік жағдайында өтті.

Төменде Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы үкметтерінің Совет- Қытай қатынастары мен халықаралық жағдай мәселелері жөнінде және Жапониямен қатынастар жайындағы мәселе жөнінде бірлескен Декларациялары, Порт- Артур соғыс- теңіз базасы жайындағы мәселе жөнінде, кәзіргі аралас Совет- Қытай акционерлік қоғамдары жайындағы мәселе жөнінде, ғылми- техникалық ынтымақ жайындағы келісім туралы, Ланьчжоу —Үрімші— Алматы темір жолын салу туралы бірлескен Мазмұндамалар жарияланып отыр.

Мұның үстіне, СССР Үкметінің ҚХР Үкметіне 520 миллион сом мөлшерінде ұзақ мерзімге несие беруі туралы келісімге, СССР Үкметінің қосымша 15 өнеркәсіп орнын салуда ҚХР Үкметіне көмек көрсетуі туралы және бұрын қол қойылған келісімде көзделген 141 кәсіпорынға керекті жабдықтар беру мөлшерін арттырып, СССР-дан жалпы құны 400 миллион сомнан асатын қосымша жабдықтар беру туралы протоколға қол қойылды.

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасы Үкметінің

бірлескен декларациясы

Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасының Үкметі екі мемлекеттің арасында өркендеп отырған жан-жақты ынтымақ саласында да, сондай-ақ халықаралық жағдай мәселелері жөнінде де көзқарастардың толығымен бір жерден шығып отырғанын анықтайды.

Қытай халқы тарихи жеңіске жетіп және Қытай Халық Республикасы құрылғаннан бергі бес жыл ішінде Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасында достық, одақ және өзара көмек туралы 1950 жылғы 14 февральдағы договорға толық сай келетін тығыз ынтымаққа негізделген қатынастар қалыптасты. Бұл договор қытай және совет халықтарының бір- біріне өзара көмек көрсетуге, екі елдің экономикалық және мәдени прогресіне, бұлардың арасында туысқандық достықтың онан әрі нығайып, ұлғаюына көмектесуге, сөйтіп, Біріккен Ұлттардың мақсаттары мен принциптеріне сәйкес Қыйыр Шығыс пен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілік пен хауіпсіздіктің баянды етілуіне көмектесуге ұмтылған шын ниетті талабына негізделзор маңызы бар екенін көрсетті. Ол сонымен қатар Қытай Халық Республикасының БҰҰ-дағы өзінің заңды орнын алуына кедергі жасап отырған АҚШ басшы топтарының саясаты мүлде негізсіз екендігін көрсетті.

Мұндай саясат, сол сыяқты Құрама Штаттардың Қытай Халық Республикасы жөнінде жасаған көріне агрессиялық әрекеттері, әсресе Құрама Штаттардың ҚХР мен ҚХР территориясының бір бөлегі —Тайвань аралын әлі де оккупациялап отырғаны, сонымен қатар қытай халқына дұшпан Чан Кай-шидің тобын соғыс және финанс жағынан қолдауы —Қыйыр Шығыста бейбітшілікті қолдау ісімен және халықаралық шиеленісті бәсеңдету міндеттерімен сыйыспайды.

Корей халқының өз ұлтын біртұтас, бейбітшіл, демократиялық Корей мемлекеті етіп қайта қосуға ұмтылған заңды талаптарына қарамастан Кореяның әлі де екіге бөлінген қалпында қалып отырғанын екі үкмет қолайсыз жағдай деп санайды. Шешілген күнде Қыйыр Шығыста бейбітшілікті нығайту үшін үлкен маңызы болатын зор міндеттердің бірі Кореяны біріктіру болып табылады. [illegible]

МТС-ті алуға болады. Бұл МТС-тің механизаторлары мен МТС қамтуындағы колхоздардың колхозшылары зябь жыртуға техника күшін тиімді пайдаланып, бұл жұмысты егін жыйнау маусымымен қатар жүргізді. Механизаторлар зябь жырту қарқыны Соколов (директоры Быков жолдас), Шаглы (директоры Филиппов жолдас) МТС-терінде де баяу. Бұларда жоспардың орындалуы осы уақытқа дейін 43 проценнтен ғана. Бұл зябь жырту жоспарының тағы да сапалы өткізуге мүмкіндік береді. Сондықтан да зябь жырту жоспарының таяудағы күндер ішінде сөзсіз орындалуын қамтамасыз ету —облыс еңбекшілерінің абройлы міндеті.

Қытай халқына совет халқынан тарту ретінде мемлекеттік ірі астық шаруашылығын ұйымдастыруға қажетті техника мен жабдықтар беру туралы

Совет Үкмет делегациясының хаты

Қымбатты Мао Цзэ-дун жолдас!

Кәзіргі уақытта Совет Одағында астық өндіруді едәуір арттыру және осының негізінде ауылшаруашылық өндірісінің барлық салаларын өркендету мақсатымен тың және тыңайған жерлерді игерудің кең көлемді программасы жүзеге асырылуда. Тың жерлерді жаппай игеру тәжрибесі көрсетіп отырғанындай, бұл жұмысты жүргізудің ең қолайлы формасы астық совхоздарын ұйымдастыру болып табылады.

Қытай Халық Республикасында тың және тыңайған жерлерді игеру жұмысы басталып отырғанын еске алып, және Совет Одағының бұл істе қол жеткен тәжрибесін сіздерге ауыстырғымыз келіп, қытай және совет халықтарының туысқандық достығының белгісі ретінде және Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толуының құрметіне, көлемі 20 мың гектар егісі болатын астық совхозын ұйымдастыруға қажетті жабдықтар мен техниканы қытай халқына совет халқынан тарту ретінде қабыл алуыңызды сұраймыз.

Астық совхозын жабдықтау үшін: шынжыр табанды «С—80» маркалы 30 трактор, шынжыр табанды «ДТ—54» маркалы 64 трактор, 4 отағыш «Белорусь» тракторы, 100 астық комбайны, 30 жүк автомобилі, 4 бензин тасығыш, 4 жанармай құйғыш автомобиль, 2 жылжымалы автомастерской, 9 жеңіл автомобиль, үш дөңгелекті 10 мотоцикл, 6 бір білікті автотіркеме, 8 екі білікті автотіркеме, 128 трактор плугтері, тракторлмен жүргізілетін 120 астық сеялкасы, 100 культиватор және лущильник, 1600 тырма, 16 астық тазалайтын машина, 16 пішен жыйнайтын машина, жөндеу мастерскойын жабдықтауға керекті әртүрлі 14 станок, электросварка жабдығының екі комплектісі, 220 киловаттық электр станциясына керекті жабдықтар, әртүрлі маркалы 13 радиостанция, 100 номерге арналған телефон станциясы және жылжымалы киноқондырғы бөлінді.

Астық совхозын ұйымдастырып, меңгеруге ұйымдық және техникалық көмек көрсету үшін біз Қытай Халық Республикасына астық совхозын ұйымдастыру кезінде және оның өндірісін меңгерудің алғашқы жылында кеңесшілер ретінде совет мамандарын —совхоз директорын, бас агроном, бас инженер-механик, жөндеу мастерскойы меңгерушісін, бөлімше агрономдары мен механиктерін және астық совхозының бас бухгалтерін жіберуге әзірміз. Сөйтіп, астық совхозының басшылығына қойылған қытай қызметкерлері, совет мамандарымен бірлесіп, ірі астық шаруашылығының техникасы мен басқару системасын меңгеруді неғұрлым қысқа мерзімде белгілейтін болады.

Жоғарыда көрсетілген мамандарға жұмсалатын шығынды Совет Одағы өз міндетіне алады.

Мұндай астық совхозын ұйымдастыру Совет Одағының тың және тыңайған жерлерді игеру жөніндегі тәжрибесін Қытай Халық Республикасында қытай ауыл шаруашылығының пайдалануына көмектеседі, сөйтіп совет және қытай халықтары арасындағы достықты онан әрі нығайту ісіне қызмет етеді деп сенеміз.

СОВЕТ ҮКМЕТ ДЕЛЕГАЦИЯСЫ.

12 октябрь, 1954 жыл.

Қытай халқына совет халқынан тарту ретінде мемлекеттік ірі астық шаруашылығын ұйымдастыруға қажетті техника мен жабдықтар берілгендігі туралы

Председатель Мао Цзэ-дунның жауап хаты

Қымбатты Хрущев жолдас және Совет Үкмет делегациясының мүшелері!

Қытай Халық Республикасының құрылғанына бес жыл толған күні Совет Одағының Үкмет делегациясы көлемі 20 мың гектар егісі болатын мемлекеттік астық шаруашылығын ұйымдастыруға қажетті жабдықтар мен техниканы совет халқының атынан қытай халқына тарту ретінде беріп отыр. Мемлекеттік астық шаруашылығын ұйымдастыру кезінде және оның өндірісін меңгерудің алғашқы жылында Совет Үкметі мемлекеттік астық шаруашылығын ұйымдастырып, меңгеруге ұйымдық және техникалық көмек көрсету үшін Қытай Халық Республикасына кеңесшілер ретінде мамандар жіберуге, сөйтіп мемлекеттік астық шаруашылығының басшылығына қойылған қытай қызметкерлерінің совет мамандарымен бірлесіп, ірі астық шаруашылығының техникасы мен басқару системасын неғұрлым қысқа мерзімде меңгеретін болуына әзір екенін білдірді.

Мен Қытай Халық Республикасы мен қытай халқы атынан Совет Үкметі мен халқын қызу құттықтап, бұл маңызды, зор достық көмек үшін шын жүректен алғыс айтуды аброй деп санаймын.

Бұл мемлекеттік астық шаруашылығы, күмән жоқ, Қытайдың ауылшаруашылығын социалистік жолмен қайта құру ісін алға бастыру жөнінде маңызды үлгілі роль атқарумен бірге, Қытайдың ауыл шаруашылығы үшін техникалық кадрлар даярлауына және Совет Одағының тың және тыңайған жерлерді игерудегі бағалы тәжрибесін зерттеп үйренуіне көмектеседі. Қытай халқы совет халқының бұл кең пейілді көмегінен совет халқының қытай халқына деген зор достығының және қытай халқы жүргізіп отырған құрылыс ісіне оның қамқорлық жасап, қолдап отырғандығының тағы бір айғағын көріп отыр.

Қытай мен Совет Одағының туысқандық ұлы достығы жасасын!

МАО ЦЗЭ-ДУН.

12 октябрь, 1954 жыл.

Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасында орнаған ынтымақтың өмірлік ұлы күшін тәжрибе көрсетті. Бұл ынтымақ Қыйыр Шығыстағы бейбітшілік пен хауіпсіздіктің сенімді тірегі және жалпыға бірдей бейбітшілікті қолдау ісінде маңызды фактор болып табылады.

Совет Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасының Үкметі ССРО мен Қытай арасында қалыптасқан достық қатынастар тең праволылық, өзара тиімділік, мемлекеттік суверенитет пен территорияның тұтастығын өзара құрметтеу принциптеріне сәйкес екі мемлекеттің арасында онан әрі тығыз ынтымақ жасасудың негізі болып табылады, деп мәлімдейді.

Екі үкмет бейбітшілікті нығайтуға бағытталған барлық халықаралық қыймылдарға бұдан былай да қатысуға ұмтылған өз талаптарында бірауызды болып отыр және Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының ортақ мүдделеріне қатысы бар мәселелер туған күнде, екі мемлекеттің хауіпсіздігін қамтамасыз етуге, Қыйыр Шығыс пен бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті қолдауға бағытталған өз қыймылдарын келісіп алу мақсатымен, әрдайым бір-бірімен консультация алысып отырады.

Индо-Қытайдағы соғыс қыймылдарын тоқтатуға жеткізген және бұл ауданның халықтарының заңды ұлттық мүдделеріне сәйкес Индо-Қытайдағы жағдайды реттеуге мүмкіндік тудырған Женева кеңесі БҰҰ Уставы халықаралық бейбітшілікті қолдауға басты жауапкершілік жүктеген барлық ұлы державалардың пісуі жеткен халықаралық проблемаларды қарауға қатысуының бейбітшілік ісі үшін конференция шақыруды қажет деп санайды.

Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы Оңтүстік-Шығыс Азияда агрессияшыл соғыс блогін құруды батыл айыптайды, өйткені бұл блок оның инициаторларының ең алдымен Азия елдерінің хауіпсіздігі мен ұлттық тәуелсіздігіне қарсы бағытталған, сондай-ақ Азия мен Тынық мұхит ауданындағы бейбітшілік мүдделеріне қарсы бағытталған империалистік мақсаттарына негізделген.

Екі үкмет мынаны мәлімдеуді қажет деп санайды: Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы Азияның және Тынық мұхиттың елдерімен, сондай-ақ басқа да мемлекеттермен өз қатынастарын бұдан былай да суверенитет пен территорияның тұтастығын өзара құрметтеу, бір-біріне тиіспеу, бір-бірінің ішкі істеріне араласпау, теңдік және өзара тиімділік, бейбітшілікпен қатар өмір сүру принциптерін қатаң сақтау негізінде құратын болады. Мұның өзі жемісті халықаралық ынтымақты дамытуға кең мүмкіндіктер ашып отыр.

Екі үкмет мұндай саясат барлық халықтардың, соның ішінде Азия халықтарының түбірлі мүдделеріне сай келеді деп кәміл сенеді. Ал халықтардың хауіпсіздігі мен тыныштығын мемлекеттердің бейбітшілікті қорғау ісіндегі бірлескен күш-жігері негізінде ғана қамтамасыз етуге болады.

Совет Үкметі мен Қытай Халық Республикасының Үкметі шешілмеген халықаралық проблемаларды, соның ішінде Азияға қатысы бар проблемаларды реттеуге көмектесу үшін өз тарапынан барлық күш-жігерін жұмсайды.

Жапониямен қатынастар туралы Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасы Үкметінің

бірлескен мазмұндамасы

Дүниежүзілік екінші соғыс аяқталғаннан кейін Жапония, мұның өзі Подсдам келісімінде көзделгеніндей, толық ұлттық тәуелсіздік алуға, өзінің демократиялық институттарын құруға, өзінің дербес бейбіт экономикасы мен ұлттық мәдениетін өркендетуге тиіс еді.

Бірақ Жапониядағы басты оккупациялаушы держава болып табылатын және өзіне Подсдам келісімдерін орындау үшін негізгі жауапкершілік жүктелген Америка Құрама Штаттары бұл қарарларды өрескел бұзды және, жапон халқының мүдделерін аяққа басып, державалардың жоғарыда көрсетілген келісімдеріне қайшы келетін Сан-Франциско «бітім договоры» мен басқа келісімдерді Жапонияға таңып отыр.

Соғыс аяқталғаннан бері тоғыз жыл өтсе де Жапония тәуелсіздік алмай, әлі де жартылай оккупацияланған ел қалпында қалып отыр. Оның территориясында бейбітшілікті қолдау және Жапонияның бейбітшілікпен, тәуелсіз өркендеуін қамтамасыз ету міндетімен ешқандай қатысы жоқ мақсаттармен құрылған көптеген американ соғыс базалары көбейіп кетті. Жапонияның өнеркәсібі мен финанстары американ соғыс заказдарына тәуелді болып, Жапония өзінің сыртқы саудасы саласында байланып-маталып отыр. Мұның өзі оның экономикасына, әсресе өнеркәсіптің бейбіт салаларына апатты зардабын тигізуде.

Мұның бәрі жапон халқының ұлттық сезімдерін қорламай қоймайды, жапондардың күдіктену жағдайын тудырады, жапон халқының алуан түрлі қабілетін тежейді.

Жапонияның кәзіргі жағдайы Азия мен Қыйыр Шығыс елдерінің халықтарында Жапонияның жапон халқының мүдделеріне де, сондай-ақ Қыйыр Шығыста бейбітшілікті қолдау міндетіне де жат агрессиялық жоспарлар үшін пайдаланылуы ықтыймал деген заңды хауіп тудыруда.

Жоғарыда көрсетілген, шетелдік мүдделер қабылдатқан «договор» мен келісімдердің салдарынан ауыр жағдайға душар болған Жапония мен жапон халқына Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының халықтары үлкен тілектестік сезімін білдіреді. Олар жапон халқы шетелдік тәуелділіктен құтылу және өз Отанын қайта тудыру жолына, басқа мемлекеттермен, еңалдымен өз көршілерімен кең көлемді экономикалық ынтымақтың бірқалыпты қатынастары мен мәдени байланыстар орнату жолына түсу үшін өз бойында жеткілікті күш табады деп сенеді.

Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының үкметтері Жапониямен қатынастар жөніндегі өз саясатында мемлекеттердің қоғамдық құрылысына қарамастан, олардың бейбітшілікпен қатар өмір сүру принципіне сүйеніп, мұның өзі барлық халықтардың өмірлік мүдделеріне сай келеді деп сеніп отыр. Олар өзара тиімді шарттар негізінде Жапониямен кең көлемде сауда қатынастарын өркендетуді, онымен тығыз мәдени байланыстар орнатуды жақтайды.

Екі үкмет сонымен қатар өздерінің Жапониямен қатынастарын бірқалыпқа түсіру мақсатымен қадамдар жасауға әзір екенін білдіреді және Жапонияның ССРО-мен, ҚХР-мен, саяси, экономикалық қатыстар орнатуға ұмтылған талабы толық қосталады, сондай-ақ оның тарапынан өзінің бейбіт және тәуелсіз өркендеуіне керекті жағдайды қамтамасыз етуге бағытталған қадамның қандайы болса да толық қосталады деп мәлімдейді.

Қытайдың бірлесіп пайдаланылып келген Порт-Артур соғыс-теңіз базасынан совет әскери бөлімдерін әкету туралы және бұл базаны Қытай Халық Республикасының толық қарамағына беру туралы

Совет-Қытай мазмұндамасы

Кореяда соғыстың тоқтатылуына және Индо-Қытайда бейбітшіліктің қалпына келтірілуіне байланысты Қыйыр Шығыста халықаралық жағдайдың өзгергенін ескеріп, сонымен қатар Қытай Халық Республикасының қорғаныс қабілетінің нығайғандығын еске ала отырып, Совет Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасының Үкметі екі мемлекеттің арасында орнаған және барған сайын нығайып отырған достық пен ынтымақ қатынастарына сәйкес, бірлесіп пайдаланылып келген Порт-Артур соғыс-теңіз базасынан совет әскери бөлімдері әкетіледі және бұл ауандағы құрылыстар Қытай Халық Республикасының Үкметіне тегін беріледі деп келісті.

Совет әскери бөлімдерін әкету және Порт-Артур соғыс- теңіз базасы ауданындағы құрылыстарды Қытай Халық Республикасының Үкметіне өткізіп беру жөніндегі шараларды жүргізу міндетін екі жақ 1950 жылғы 14 февральдағы келісім бойынша құрылған Порт-Артурдағы Совет-Қытай Біріккен соғыс комиссиясына жүктеуге келісті.

Совет әскерлерін әкету және Порт-Артур соғыс-теңіз базасы ауданындағы құрылыстарды ҚХР Үкметіне өткізіп беру жұмыстары 1955 жылғы 31 майға дейін аяқталады.

Аралас Қоғамдарға қатысудың советтік үлесін Қытай Халық Республикасына беру туралы

Совет-Қытай мазмұндамасы

1950 —1951 жылдары Совет Үкметі мен қытай Үкметі арасындағы келісім бойынша екі жаққа тең негіздерде мынадай аралас төрт Совет-Қытай Қоғамдары құрылған болатын:

Қытай Халық Республикасының Синьцзян провинциясында түсті және сирек кездесетін металдар өндіру жөніндегі Қоғам;

Қытай Халық Республикасының Синьцзян провинциясында мұнай шығару және мұнай айыру жөніндегі Қоғам;

Дальний қаласындағы кемелер жасау және жөндеу жөніндегі Қоғам және

азаматтық әуе жолдарын ұйымдастыратын және пайдаланатын Қоғам.

Мұның өзі жас Қытай Халық Республикасының алдында халық шаруашылығын қалпына келтіру міндеттері тұрған кез еді. Совет-Қытай Қоғамдарының құрылуы бұл Қоғамдардың құрамына кірген кәсіпорындардың жұмысын қысқа мерзімде жолға қоюға, шаруашылық құрылыстың советтік әдісін пайдалана отырып, олардың өндірістік қуатын мықтап ұлғайтуға және жалпы техникалық дәрежені арттыруға мүмкіндік берді. Сөйтіп, аралас Қоғамдар жақсы роль атқарып, қытай экономикасын қалпына келтіру және өркендету ісіне белгілі үлес қосты.

Кәзіргі уақытта Қытай Халық Республикасы өз шаруашылығын қалпына келтіріп, бірінші бесжылдық жоспарды ойдағыдай орындап жатқан кезде, қытайдың шаруашылық ұйымдары қажетті тәжрибеге ие болып, аралас Қоғамдарға кіретін кәсіпорындардың жұмысын өздері басқара алатын болып отырған кезде, Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының үкметтері аралас Совет-Қытай Қоғамдарына қатысудың советтік үлесі 1955 жылғы 1 январьдан бастап Қытай Халық Республикасына толығымен берілсін деп келісті. Бұл үлестің құны Қытай Халық Республикасынан шығарылатын әдеттегі экспорт заттары болып табылатын товарларды Совет Одағына беру жолымен бірқатар жылдардың ішінде өтелетін болады.

Сонымен, кәзіргі уақытта аралас Совет-Қытай Қоғамдарына кіріп отырған кәсіпорындар толығымен Қытай Халық Республикасының мемлекеттік кәсіпорындарына айналады.

Екі үкмет өздерінің бұл қарары Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасында орнаған достық қатынастарға сай келеді және теңдік, өзара көмектесу, бір-бірінің мүдделерін құрметтеу негізінде экономикалық ынтымақты онан әрі нығайтуға көмектеседі деп есептейді.

Ғылми-техникалық ынтымақ туралы келісімге қол қою жайында

Совет-Қытай мазмұндамасы

Москвада және Пекинде Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасының Үкметі арасында Совет-Қытай ғылми-техникалық ынтымақ туралы келіссөздер жүргізілді. Достық және шынпейілділік жағдайда өткен бұл келіссөздер 12 октябрьде Пекинде ССР Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасындағы ғылми-техникалық ынтымақ туралы келісімге қол қоюмен аяқталды. ССР Одағы Үкметінің уәкілдігі бойынша келісімге ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары А. И. Микоян жолдас, Қытай Халық Республикасы Үкметінің уәкілдігі бойынша —Қытай Халық Республикасының Мемлекеттік Советі премьерінің орынбасары Ли Фу-чунь жолдас қол қойды.

Келісімге сәйкес Советтік Социалистік Республикалар Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасының Үкметі халық шаруашылығының барлық салаларында [illegible] быстарымен танысу үшін мамандар жіберіп тұрады.

Екі жақ техникалық документтерді тегін береді, тек документтердің көшірмелерін жасауға жұмсалған нақты шығындарды ғана төлейді.

Ынтымақты жүзеге асыру жөніндегі шараларды белгілеу және тиісті усыныстарды екі үкметке тапсыру үшін Совет-Қытай Комиссиясы құрылды. Оның құрамына ССРО мен ҚХР-дың әркайсысынан жеті мүшеден тағайындалды. Комиссияның сессиялары кемінде жылына екі рет, Москвада және Пекинде алмакезек шақырылып тұрады.

Келісім бес жыл мерзімге жасалды. Егер екі жақтың бірде-бірі жоғарыда көрсетілген мерзім бітуден бір жыл бұрын Келісімнің күшін тоқтатқысы келетінін мәлімдемесе, онда бұл Келісім келесі бес жылға күшінде қалады.

Совет Үкмет делегациясының Пекиннен жүріп кетуі

ПЕКИН, 13 октябрь. (СОТА). Қытай Халық Республикасының жарияланғанына бес жыл толуын мейрамдауға байланысты Қытайда болған Совет Үкмет делегациясы бүгін Пекиннен жүріп кетті.

Қытай Халық Республикасының, ССРО-ның және халықтық демократия елдерінің мемлекеттік жалауларымен безендірілген Пекин аэродромында Совет Үкмет делегациясының басшысы, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущевты, ССРО Министрлер Советі Председателінің Бірінші Орынбасары Н. А. Булганинді, ССРО Министрлер Советі Председателінің Орынбасары А. И. Микоянды және Совет Үкмет делегациясының басқа мүшелерін Қытай Коммунистік партиясы Орталық Комитетінің секретары және Қытай Халық Республикасы Председателінің орынбасары Чжу Дэ, ҚКП Орталық Комитетінің секретары және халық өкілдерінің Бүкілқытайлық жыйналысы тұрақты комитетінің председателі Лю Шао-ци, ҚКП Орталық Комитетінің секретары және Мемлекеттік Советтің премьері Чжоу Энь-лай, ҚКП Орталық Комитетінің секретары және Мемлекеттік Совет премьерінің орынбасары Чэнь Юнь, ҚКП Орталық Комитеті саяси бюросының мүшесі және халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының Тұрақты Комитеті Председателінің орынбасары Линь Боцзюй, халық өкілдері Бүкілқытайлық жыйналысының Тұрақты Комитеті Председателінің орынбасарлары Ли Цзи-шэнь, Шэнь Цзюнь-жу, Го Мо-жо, Хуан Яньпэй, Пын Чжэнь, Ли Вэй-хань, Чэнь Шудун, далай- лама, Сайфуддин, Мемлекеттік Совет премьерінің орынбасарлары Пын Дэ-хуэй, Дэн Сяо-пин, Дэн Цзыхуэй, Хэ Лун, Уланьфу, Ли Фу-чунь, Ли Сянь-ян, Қытай Халық Республикасы Мемлекеттік Советінің бас секретары Си Чжунь-сюнь, министрлер Се Цзюэ, Цзай, Ло Жуй-цин, Ши Лян, Бо И-бо, Чжан Най-ци, Цзен Шань, Е Цзи-чжан, Ван Хэ-шоу, Хуан Цзи, Цзя То-фу, Лян Си, Чжан Бо- цзюнь, Чэнь Юй, Чжан Си-жо, Ли Дэ-цюань, Сыртқы істер министрінің орынбасарлары Ли Кэ-нун, Чжан Хань-фу, У Сю цюань, Жоғарғы халық сотының председателі Дун Би-у, Мемлекеттік қорғаныс комитеті председателінің орынбасарлары Не Жун- чжэнь, Е Цзян-ин, Чэн Цянь, Бас штаб бастығының орынбасары Су Юи, Қытай- Совет достығының Қоғамы председателінің орынбасары У Юйчжан, Қытай Халық Республикасының кәсіподақ, жастар, әйелдер және басқа қоғам ұйымдарының өкілдері, Пекиннің мәдени топтарының өкілдері шығарып салды. Совет Одағының Үкмет делегациясын сонымен қатар ССРО-ның ҚХР- дегі елшісі П. Ф. Юдин, ССРО-ның ҚХР-дегі елшілігінің қызметкерлері, Қытай Халық Республикасында жүрген Чехословакияның, Румынияның, Албанияның үкмет делегацияларының басшылары мен мүшелері, Пекинде тіркелген шетелдік елшіліктер мен миссиялардың басшылары мен қызметкерлері, қытай және шетел журналистері шығарып салды.

Делегацияны шығарып салу үшін Пекин аэродромында құрметті қарауыл қойылды. ССРО мен Қытай Халық Республикасының мемлекеттік гимндері орындалды. Аэродромда Совет Үкмет делегациясының басшысы, СОКП Орталық Комитетінің Бірінші Секретары және ССРО Жоғарғы Советі Президиумының мүшесі Н. С. Хрущев мәлімдеме жасады.

Н. С. ХРУЩЕВ жолдастың сөзі

«Қымбатты жолдастар, біздің жақын достарымыз!

Біздің делегациямыз Қытай Халық Республикасының данқты астанасы — Пекиннен кетіп бара жатып, Совет делегациясы болған жердің бәрінде де біздің зор ықласпен қарсы алғаны, шын пейілді, меймандостық көрсеткені үшін зор алғыс айтуды өзінің борышы деп санайды.

Бұл шын ниетті сүйіспеншілік және құрметтеу кәзімдерін біз, әрине, біздің ұлы халықтарымыз арасындағы туысқандық достықтың, Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы арасындағы мызғымас одақтың айқын белгілерінің бірі деп қарсы аламыз. Бұл жемісті достық күн санап артып, нығайып келеді. Біздің достығымыз бен өзара туысқандық көметіміз неғұрлым берік болса, Қытай Халық Республикасы мен Советтік Социалистік Республикалар Одағының солғұрлым күшейе түсетінін, бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің солғұрлым қуатты болатынын өткен бес жыл айқын көрсетті.

Қытай Халық Республикасы өзінің бейбітшілік пен өркендеген бес жылы ішінде Қытай Коммунистік партиясының сыннан өткен басшылығымен шын мәнісінде орасан зор табыстарға жетті. Біз мұны Қытайда болған кезімізде барлық жерде де көрдік. Қытай халқы кәзір, бұрынғы қай кездегіден болса да, берік топтасқан және елдің бүкіл тұрмысын демократиялық негіздерде өзгерте отырып, өзінің халықтық мемлекетін сарқылмас күшті жігермен нығайтып келеді.

Қытай халқының социалистік өзгерістер жасау жолымен алға баса отырып, жеткен және жетіп отырған жеңістері— ол бүкіл бейбітшілік, демократия және социализм лагерінің жеңістері, өйткені Қытай Халық Республикасының нығайып, оның күштерінің артуы сонымен бірге біздің жалпы күштеріміздің арткандығы болып табылады, ол соғыс қатерінің жол бермеуге көмектеседі.

Біздің делегациямыз Қытай Халық Республикасында болған қысқа уақыттың ішінде өзара толық түсінісушілік жағдайында талқыланған барлық мәселелер жөнінде шешімдерге қол жеткенін, Қытай Халық Республикасы мен Совет Одағы халықтарының ниетінің және бақытына, біздің мызғымас достығымызды онан әрі дамытып, нығайтуға, бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті нығайтуға бағытталған келісімдер жасалғанын атап көрсету (сүйіспенрлік те, қуанарлық та іс. Бұл келісімдер бір-бірін қатты құрметтеу, туысқандық қамқорлық жасау және өзара көмектесу принциптеріне негізделген. Міне, сондықтан да Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасының халықтары бұл келісімдерді үлкен қанағаттанғандықпен қарсы алады, осы екі халық өздерінің басқа халықтармен арадағы қатынастарын бұл халықтардың өмірлік мүдделерін толық құрметтеу негізінде орнатып отыр.

Өзара пікір алысу, біздің бірлескен жемісті жұмысымыз Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы арасында біздің бұдан былайғы дамуымыздың барлық мәселелері жөнінде, барлық халықаралық мәселелер жөнінде өзара толық түсінісушілік болып отырғанын тағы да көрсетті.

Пекиннен кетіп бара жатып, біз өз елдеріміздің көркейтуге, Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай Халық Республикасының ұлы достығын онан әрі дамытуға, бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің бүкіл қуатты лагерін нығайтуға бағытталған өзіміздің ортақ ісімізді бұрынғыдан да гөрі зор сенімімен ілгері бастыра береміз.

Біздің сыннан өткен мәңгілік досымыз және бауырымыз —ұлы қытай халқы жасасын!

Бүкіл дүние жүзіндегі бейбітшіліктің қуатты факторы —Совет Одағы мен Қытай Халық Республикасы халықтарының туысқандығы мен достығы жасап, көркейіп берсін!

Делегацияны шығарып салу шын пейілді зор сүйіспеншілік жағдайында өтті.

Совет Одағының Үкмет делегациясының Берлиннен жүріп кетуі

БЕРЛИН, 13 октябрь. (СОТА). Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығын мейрамдауға қатысқан Совет [illegible] және ГСБП Орталық Комитетінің бірінші секретары В. Ульбрихт, премьер-министр [illegible] публикасының үкмет делегациялары, сол сияқты, дипломатиялық корпустың мү[illegible]

ра тәжрибе алысу жолымен екі елдің арасында ғылми-техникалық ынтымақты жүзеге асыру туралы келісті.

Екі жақ бір-біріне техникалық документтер беріп, тиісті информация алысып тұрады, сонымен қатар техникалық көмек көрсету үшін және екі елдің ғылми-техникалық та-

[illegible] ынтымақ туралы Совет-Қытай Келісімінің жасалуы екі елдің мүдделері үшін, сондай-ақ бейбітшілікті нығайту мүдделері үшін Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Қытай Халық Республикасының арасында ынтымақты онан әрі нығайту ісіне қосылған жаңа маңызды үлес болып табылады.

Ланьчжоу—Үрімші—Алматы темір жолын салу және төте қатынас ұйымдастыру туралы

Совет-Қытай мазмұндамасы

Әдебиеттің идеялық мазмұны үшін күрес Лермонтовты Белинскиймен және оның пікірлес жолдастарымен жақындастырды. Бұл—орыс революциялы демократиясының күштері жаңа ғана топтаса бастаған кезде болған еді. «Лермонтов... жаңа бағытқа жатады»,—деп жазды Чернышевский.

Лермонтов романының жарыққа шығуы ақынның тұтқынға алынуы және қайтадан жер аударылуымен тұстас келді. Лермонтовтың барған сайын өсіп бара жатқан қоғамдық маңызы аристократияны ызаландырды. «Біздің заманымыздың батыры» патшаның жаңа өшпенділігін тудырды.

Жер аударылған жылдарында Кавказды аралаған кезде, Россияның шеті жоқ айдын даласында жиі-жиі сапар шеккен кезде Лермонтов халықтың нәрлі тіліне, халықтың ескі өлеңдеріне назар аударды. Солдаттардың арасында, қарапайым армиялық офицерлердің арасында, казак станицаларында, патшалық Россияның сол кездегі түпкірде жатқан қалаларында ол халық өмірін байқады және одан өз шабытына нәр алды.

Червленой станицасында мынадай аңыз сақталған: Кавказды аралап жүрген кезде Лермонтов станицаға келген, өзіне бөлінген үйге кіргенде, ол бесік тербетіп ән салып отырған жас сұлу казак қызын көрген. Өзінің нәрселерін үйге әкеліп болғанша ол кішкентай қағазға өзінің «Казактың бесік жыры» өлеңін жазып болған.

Халық жырларынан шабыт алған Лермонтовтың көптеген өлеңдері халыққа қайта оралып, олардың өзі халық өлеңдеріне айналып кетті. Белинский былай деп тегін жазбаған болатын: Лермонтов «өз рухының, өз отанының халықтық рухымен қандас туыс екендігін» көрсетті.

Орыстың халық поэзиясының көркемдігін терең ұғыну Лермонтовқа сол кездегі Россия империясы мекендеген басқа халықтардың поэзиясының көркемдігін түсінуге көмектесті. Ол бірінші болып ел

1840 жылдардың адамдары терең ойланған мәселелерді көтерді. Міне, сондықтан да Лермонтов поэзиясының «тұпсіз мұхитына» шомылған Белинский, егер Лермонтов тірі болғанда, ол «мазмұн жағынан» Пушкиннен де әрі аттайтындығына сенім де болды.

Пушкиннен кейінгі адамға Пушкинге еліктемей, тозығы жеткен жолмен жүрмей, оны ілгері дамытып және орыс поэзиясында өзінің өлмес ізін қалдыру үшін қаншалықты рухани күш және талант болу керек десеңізші! Пушкинді оқытушы және поэзияның негізін салушы деп түсіну сезімі және оның өзінің үлесіне тиген миссияны түсіну Лермонтов үшін тән өзіне деген қатаңдықты анықтады. Бүкіл орыс әдебиетінде өзіне аса қатаң талап қоя білген басқа жазушыны кездестіру қыйын- ақ. Ол оқушылардың назарын аударарлық өлеңін жазғанға дейін 9 жыл табанды түрде жұмыс істеді. 9 жыл бойы ол шабытты түрде, табанды түрде өлеңдер, поэмалар, драмалар, прозалар жазды —олардың ішінде «Желкен», «Русалка», «Екі алып», «Измаил Бей»... сыяқты тамаша шығармалар болды. Бірақ оларды тек қана достары оқыды және таныстарына жасырын түрде көшіріп алуға берді. Лермонтов ұзақ жылдар бойы «қол жазба» бойынша даңқты болды. Пушкин қаза тапқан күндері ол не болған төтенше, үлкен данқ оның өзіне деген бұл жоғары талаптарын кеміте алған жоқ. 3 жылдан кейін Лермонтовтың алғашқы кітапшасы жарыққа шыққанда оқушылар онан небары 26 өлең және 2 поэма —«Патша Иван Васильевич... туралы жыр» және «Мцыри» поэмаларын көре алды. Ал қалғандары— буған дейін 350-ден астам өлең және 30 поэма жазылған болатын —Лермонтов өзінің қаңаздарында қалдырды және одан тек мазмұн және тұр жағынан әбден жақсы дегендерін ғана таңдап алды.

Лермонтовтың барлық жазғандары оның бүкіл рухани және өмір тәжрибелерінен өткен, ойланып шығарылған, өңделген шығармалар еді. Міне, сондықтан да оңдаған жылдар өткеннен кейін міне, кәзір 200 жылға жуық уақыт өтсе де— Лермонтовтың «жалын мен жарықтан туған сөздері» жүрек түкпіріне дейін жетеді және шексіз мақтаныш сезім тудырады.

Ираклий Андроников.

Москванын цирк бригадасының концерті

Москванын Мемлекеттік цирк бірлестігінің арнаулы цирк бригадасы Петропавлға келіп, қала еңбекшілеріне өздерінің концерттерін көрсете бастады. Бригада Ленин атындағы клубта, қалалық цирк үйінде және басқа жерлерде төрт концерт қойды. Оған қаланың көптеген еңбекшілері қатысты. Бригада артистерінің программасында юморлар мен сатиралар, акробаттық, жонгілерлік номерлер және тақпақтар бар.

Бұл цирк бригадасы Приешім, Преснов, Ленин, Октябрь, Совет және басқа аудандардың колхоздары мен МТС-терінде болып, оларға өздерінің концерттерін қойып береді. Мұнымен бірге, бригада облысымыздың барлық жаңа ұйымдастырылған совхоздарын қамтыйды. Цирк бригадасы біздің облыста екі айдай болады.

А. МАКСИМОВ.

СОВХОЗ ЖАСТАРЫНЫҢ ИНИЦИАТИВАСЫ

Облысымыздың жаңа астық совхоздарында басқа құрылыстармен бірге клубтар да салына бастады. Титулді жоспар бойынша быйыл совхоздарда клуб үйлерін салу белгіленбеген болатын. Буған қарамастан совхоз комсомол-жастары жұмыстан бос уақыттарында совхозда клуб үйін салуды ұйғарды.

Октябрь ауданының Тимирязев атындағы, Ишим және Интернационал совхоздарының жас құрылыспылары клуб үйлерін салуды аяқтап, оны пайдалануға берді.

Мәдениет орындарын қысқа үлгілі әзірлеу—кезек күттірмейтін міндет

Ауыл шаруашылығының барлық саларын шұғыл өркендету туралы партия мен үкмет алға қойып отырған міндеттерді аброймен орындап шығуда селолық мәдени-ағарту орындарының маңызы өте зор. Кәзір облысымыздың барлық күш-мүмкіншіліктері келесі жылдың егісі үшін зябь жыртуды табысты аяқтауға, колхоздар мен совхоздардың мал қыстатуға әзірлігін үлгілі ұйымдастыруға жұмылдырылып отыр. Бұл кезде еңбекшілер арасына үгіт-бұқаралық жұмыстарын үздіксіз жүргізіп отыратын мәдени-ағарту орындарының маңызы бұрынғыдан да арта түспек. Ауыл шаруашылығы озаттарының еңбектегі үздік табыстарын, ғылым жаңалықтарын кеңінен насихаттау—мәдениет қызметкерлерінің құрметті борышы болып табылады. Облыстың көптеген мәдениет орындары өздерінің бұл міндеттерін аброймен орындап келеді.

Ауыл-село еңбекшілерінің сүйікті демалыс орындарына айналған, олардың күн сайын кітап, газет, журналдар оқып, өз білімдерін көтеріп отыруына барлық жағдайлар туғызылған мәдени орындардың бірі —Преснов ауданындағы Благовещенка селолық кітапханасы. Кітапхана меңгерушісі Сергиенко жолдас өзінің барлық жұмысын еңбекшілердің мәдени тілегіне сай ұйымдастыруда. Кітапхана трактор бригадаларында, дала қостарында дауыстап газет, журналдар оқуды және кітап оқушылар конференцияларын өткізіп отырады. Совет ауданындағы Рублевка селолық кітапханасының да (меңгерушісі Петренко жолдас) жұмысы айтарлықтай. Облысымызда мұндай кітапханалар мен оқу үйлері аз емес. Олардың жақсы жұмыс істеуі бұл колхоздардағы саяси-бұқаралық жұмыстарының үлгілі жүргізілуіне және оның шаруашылық жұмыстарына жақсы әсер етуде.

Кәзіргі уақытта мәдени-ағарту жұмыстарын қысқы маусымға әзірлеуді ұмытуға болмайды. Өйткені, жазғы дала жұмыстары аяқталғаннан кейін мәдени-ағарту жұмыстары негізінен клубтарда, кітапханалар мен оқу үйлерінде жүргізілуге тиіс. Осыған байланысты оларды қысқы маусымға толық әзірлеу партия, кәсіподақ, комсомол ұйымдарының, колхоз, совхоз және МТС басшыларының кезек күттірмейтін міндеті болып табылады.

Алайда облысымыздың кейбір аудандарында мәдени-ағарту орындарын қысқа дайындау жұмыстары әлі де сылбыр жүргізілуде. Облыстық Совет атқару комитеті үстіміздегі жылдың 20 августына дейін 135 клуб, кітапхана және оқу үйлерін жөндеуді аяқтауды белгілеген болатын. Бірақ күні бүгінге дейін бұлардың 75 процеттен астамы жөнделмеген, олар керекті отынмен қамтамасыз етілмеген.

Мәдени-ағарту орындарын қысқа әзірлеуде жауапсыздыққа салыну, әсресе, Совет ауданында кең орын алған. Аудан партия, совет ұйымдары селолық клубтар мен кітапхана, оқу үйлерінің жақсы жұмыс істеуіне қажетті жағдай туғызуды екінші қатардағы іс деп санап келеді. Аудандағы 23 бюджеттік мәдени орындар жыл бойы аяқталмауын аудан басшыларының жауапсыздығынан деп түсінуіміз керек.

Колхоз клубтарын жөндеу жұмыстары Конюхов ауданында да ойдағыдай емес. Ауданның Ленин атындағы, «Қазақстанның 30 жылдығы» колхоздарындағы клубтарды жөндеу қолға да алынбаған. Ал Чистян селолық кітапханасын жөндеу басталғанына екі айдан асса да бұл жұмыс әлі аяқталған жоқ.

Көптеген ауыл-селолық Советтер мен колхоз басшылары мәдени-ағарту орындарын қысқы маусымға әзірлеуді тыянақты ұйымдастырудың орнына, оларды басқа шаруашылық жұмыстарға пайдалануда. Мәселен, Приишім ауданындағы Архангельск селолық клубы, Преснов ауданы Казанка селосындағы үстіміздегі жылы салынған клуб үйі астық қоймасына айналдырылған. Осы аудандағы «Баян» колхозының басшылары клуб үйінің бір жағын құс қорасы ретінде пайдаланып отыр. Совет ауданындағы «Новый быт» колхозындағы клуб та осындай жағдайда. Сондықтан да бұл клубтардың қысқа ешқандай әзірлік жүргізе алмайтындығы, колхоздарда қыс айларында жүргізілетін мәдени-ағарту жұмыстарының айтарлықтай болмайтыны айдан анық.

Облыс мәдени-ағарту орындарының қысқа әзірлік жұмыстарының қанағаттанғысыз жүргізілуіне ең алдымен облыстық мәдениет басқармасы кінәлі. Мәдениет басқармасы аудандық мәдениет бөлімдеріне дұрыс басшылық жасауға және оларға жергілікті жерлердің өзінде практикалық көмек көрсетуге жетісе алмай келеді. Басқарма басшылары (Присич, Овчинников жолдастар) мәдениет орындарын қысқы маусымға әзірлеу сыяқты жауапты жұмысқа қолма-қол басшылық жасаудың орнына қағаз жүзінде нұсқаулар берумен тынған. Тіпті, олар қала мәдениет орындарының әзірлігіне де жеткілікті көңіл бөлмей отыр. Бұған облыстық драма театрын жөндеудің қанағаттанғысыз жүргізілуі, облыстық баспахананың осы күнге дейін әзір болмауы айқын дәлел бола алады.

Қыс түсуге аз ғана күн қалды. Мәдени-ағарту орындарын жөндеу жұмыстарын және оларды керекті жабдықтармен қамтамасыз етуді тыянақты ұйымдастыруға осы қалған аз уақыттың өзін тиімді пайдалану—облысымыздың жергілікті партия, совет, кәсіподақ және комсомол ұйымдарының кезек күттірмейтін міндеті. Барлық ауыл-селолық Советтер мен партия, комсомол ұйымдары қолда бар мүмкіншіліктерді орынды пайдалануға жұмылдыра отырып, әрбір клуб, кітапхана және оқу үйінің қысқы маусымға толық әзір болуына жетісулері керек. Аудандық мәдениет бөлімдері бұл жұмыста орын алған кемшіліктердің шын сырларын ашып, ол туралы мәселені тиісті орындардың алдына кешіктірмей қойып отыруға міндетті. Мәдени-ағарту орындарын қысқы маусымға әзірлеу жұмыстарына еңбекшілерімізің қалың көпшілігін тартып, олардың инициативасын қолдан отыру керек.

СОТА-ның жауабы

Англияның Рейтер агенттігі жуырда Канаданың соғыс-теңіз күштері штабының бастығы вице-адмирал Мейнгайдің «соңғы 18 айдың ішінде» Канаданың Тынық мұхиттық және атлантикалық жағалауларына таяу жерде совет сүңгуір қайықтарының белсенді қыймылы туралы хабарлар үздіксіз түсін жатыр-мыс деген мәлімдемесі туралы хабар таратты. Хабарда вице-адмирал Мейнгай соның өзінде американ соғыс-теңіз флотының қайдағы бір жоғары дәрежелі өкілінен алған информацияны дәлелге келтірді деп көрсетілген.

СОТА совет сүңгуір қайықтары жайында жоғарыда көрсетілген лақаптың ойдан шығарылған әрекет өтірік екенін мәлімдеуге уәкілдік алды.

Чехословакиядағы парламент сайлауы алдында

Чехословакия компартиясы Орталық комитетінің сайлаушыларға арнаған ҮНДЕУІ

ПРАГА, 10 октябрь. (СОТА). Чехословак телеграф агенттігінің хабарына қарағанда Чехословакия коммунистік партиясының Орталық комитеті 1954 жылы 28 ноябрьде өткізілетін Ұлттық жыйналыстың сайлауына байланысты сайлаушыларға арнап үндеу жариялаған.

Үндеуде Ұлттық жыйналыстың 1948 жылы февральда өткізілген сайлауынан кейінгі дәуірде халықтық-демократиялық Чехословакияның онан әрі нығайып, ойдағыдай өркендегені атап көрсетілген.

Үндеуде былай делінген: 1948 жылы ЧКП-ның IX съезінде қабылданған социализм орнатудың негізгі бағыты жүзеге асырылды; өнеркәсіпті қайта құрудың және ауыр өнеркәсіпті өркендетудің нәтижесінде бүкіл халық шаруашылығын өркендету және халықтың әл-ауқатын арттыру үшін алғышарттар жасалды; елдің қорғанымпаздық қабілеті қамтамасыз етілді. Социалистік сектор халық шаруашылығында басым және шешуші сектор болды, ол халықтық-демократиялық құрылыстың негізі болып табылады. Бес жылдықтың ішінде өнеркәсіп өндірісінің көлемі екі еседен аса өсті, сол сыяқты, елдегі ауылшаруашылық өндірісі де үлғайтылды.

Үндеуде еңбекшілердің тұрмыс дәрежесінің тез өскендігін , халықтық-демократиялық мемлекеттің халыққа әлеуметтік медициналық және мәдени қамсыздандыру жөнінен қамқорлық жасайтынын, мәдениеттің, халық ағартудың ғылымның, мәдениет пен искусствоның гүлденгенін дәлелдейтін бірсыпыра мысалдар келтірілген.

«Коммунистік партия өзінің бүкіл өмірі ішінде, — деп атап көрсетілген үндеуде, — жұмысшы табының еңбекші шаруалармен мызғымас берік одағын, халықтық-демократиялық құрылыстың негізі, оның күші мен жеңілмейтіндігінің кепілі, социализм орнату ісіндегі барлық табыстардың қайнар бұлағы болып табылатын одақты жасап, шыңдап... сайлау жұмыс-

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШОЛУ

ССРО-НЫҢ БЕЙБІТШІЛІКТІ БАЯНДЫ ЕТУГЕ ҚАМҚОРЛЫҒЫНЫҢ ЖАҢА АЙҒАҒЫ

Өзінің бейбітшілік саясатынан айнымайтын Совет Одағы соңғы апталардың ішінде соғыс хаупін жою және халықаралық шиеленістің онан әрі бәсеңдетілуін қамтамасыз ету мақсатын көздейтін жаңа маңызды қадамдар жасады.

26 сентябрьде Совет Үкметінің ұсынысы бойынша және Америка Құрама Штаттары үкметінің келісуімен, ССРО мен АҚШ арасында атом проблемасы жөнінде жүргізілген келіссөздерге қатысы бар документтер жарияланды. Бұл документтер Совет Одағының күш-жігерінің атом қуатын соғыс мақсаттарына пайдаланбай, оны тек бейбіт мақсаттарға жұмсаудан АҚШ-тың бастартуын дәлелдемек болатын оның барлық сылтауларын жоюға бағытталып отырғанын айқын көрсетеді. Асыра ойламайтын адамның, 26 сентябрьде жарияланған документтермен танысып, БҰҰ-ның басшылығымен атом қуатын бейбіт мақсатқа пайдалану мәселелерімен шұғылданатындай халықаралық орган құру туралы 1953 жылғы 8 декабрьдегі АҚШ ұсынысының атом соғысының қатерін жою былай тұрсын, тіпті оны бәсеңдетуге де жеткіліксіз екенін айқын көруге толық мүмкіндігі бар. Әңгіме мынада: американ ұсынысы жүзеге асырылған күнде жарылатын материалдардың шағын бөлегі ғана бейбіт мақсаттарға бөлініп, ал бұл материалдардың негізгі бөлегі бұрынғысынша жаппай қырып-жоятын қару өндіруге бағытталатын болады. Екінші жағынан, американ ұсынысын жүзеге асыру халықтардың атом қаруына қарсы күресінде олардың қырағылығын бәсеңдеткен болар еді. Міне бұл жағдайда халықтар атом қаруын қолдануға тыйым салуға ерекше мүделі болып отыр, мұның өзі бейбітшілікті баянды етудің, халықаралық шиеленісті бәсеңдетудің және бүкіл адамзаттың бейбіт прогресінің аса маңызды шарты болып табылады.

Совет Одағы 30 сентябрьде БҰҰ Бас Ассамблеясының 9-шы сессиясының қарауына енгізген «қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы халықаралық конвенция (договор) жасасу жайындағы» ұсыныс та осы мақсаттарға жету жолындағы күрестің игілікті міндетіне қызмет етеді.

30 сентябрьдегі совет ұсынысы бұл туйықты жояды және Біріккен Ұлттар Ұйымының алдында қарусыздандыру проблемасын шешу тәртібін белгілегенде, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігін шын мәнісінде баянды етуді қамтамасыз ететіндей тәртіп белгілеуіне мүмкіндік тудырады. Совет Одағы ұсынған қарар жобасында қарусыздандыруға және жаппай қырып-жоятын қаруға тыйым салуға қатысы бар мәселелерді шешу БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясының көмекші комитетінің 1954 жылғы 11 июньде Лондонда болған мәжілісі кезінде Франция мен Англия енгізген ұсыныстарға негізделуге тиіс деп көзделіп отыр. Советтік қарар жобасы қару-жарақты, қару-жөнінде халықаралық конвенция жасасу жайында. — **П. Р.)** жасалып отырған мүмкіндіктерді елемеу әдеттегі ақымақтықтан асып түсетін ақымақтық болар еді», — деп жазған Лондонның «Ньюс кроникл» газеті. Ағылшынның басқа «Обсервер» газеті совет ұсыныстарынан кейін «Біріккен Ұлттарды ұмітшілдіктің өте күшті тасқыны қамтыды» деп атап көрсеткен.

Совет инициативасының маңыздылығын тіпті Америкның кейбір буржуазиялық газеттері де бекер дей алмай отыр. Мысалы, «Нью-Йорк геральд трибюн» газеті «жағдай қандай бола тұрса да Совет Одағы көп ұміт күттіретін дипломатиялық қыймыл жасады» деп жазған.

Бас комитет «Қару-жарақты азайту, атом, сутегі қаруына және жаппай қырып-жоятын қарудың басқа түрлеріне тыйым салу туралы мәселе жөнінде халықаралық конвенция (договор) жасасу туралы» Совет Одағы ұсынған пунктті БҰҰ Бас Ассамблясының тоғызыншы сессиясының күн тәртібіне енгізуге ұйғарды. Бейбітшіліктің мәнісінде баянды етудің жаңа совет ұсыныстарына байланысты туып отырған практикалық мүмкіндіктерін батыс дежаваларының билеушілі топтарының пайдаланып қалғысы келетін-келмейтінін бұ мәселені талқылау айқын көрсетеді.

ЛОНДОН ҚАРАРЛАРЫ— БЕЙБІТШІЛІККЕ ӨНГЕН ҚАТЕР

БҰҰ-ның тоғызыншы сессиясында қару-жарақты азайту және атом қаруына тыйым салу туралы совет ұсыныстары енгізілген күндердің өзде жер шарының басқа бір түкпірінде—Лондон, АҚШ бастаған тоғыз мемлекет өкілдерінің кеңесінде Батыс Германияны қаруландыру туралы қарарлар шығарды. Бұл істердің осындай тұстас келуі қашама кездейсоқ бола тұрса да, мұның өз бірінші жағынан, Совет Одағы жүргізіп отырған саясаттың және, екінші жағынан, Құрама Штаттар жүргізіп отырған саясаттың мақсаттары мүлде басқа екендігінің тағы бір айғағы болып табылады.

Лондон қарарларының мәні мынада болып отыр: бұл қарарлар Батыс Германияның жаңадан қаруланып, жүзеге асырылуына және оның өз армиясы, соғыс-әуе күштері мен соғыс-теңіз флоты болуына рұқсат береді. Мұның мәні — тоғыз елдің кеңесінде қабылданған қарарлар халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігіне төнген елеулі қатер болып табылады деген сөз, өйткені бұл қарарлар герман милитаризмін қайта тудыруға ұйғарды жасайды және Германияның бігін қалпына келтіруге жол бермейді.

Тарих былай деп үйретеді: герман милитаристерінің қаруланып, ұлғаюы тіпті де бөлса мүмкіндік берілсе-ақ баны, олар бұл мүмкіндікті агрессиялық қасаттарға пайдаланады. Атап айтқанда, екінші жүзілік бірінші соғыстан кейін 1 осылай болды. «Бақыланатын» қаруға праволы алып, Германия кекшілдік соқа әзірлене бастады. Дүниежүзілік бірінші соғыстан кейін, деп еске салған ағылшынның «Дейли экспресс» газеті, герман кекшілдері өздерінің шынын ұрақты армиясы литаризмін қайта тудыру жоспарларының қандайын болса да халықтардың батыл айыптап отырғанын көрсетеді. Бейбітшілікті қорғаудың Ағылшын комитеті мәлімдеме жариялап, онда «Батыс Германияны қаруландыру және соғыс блоктерін құру Англияның хауіпсіздігіне қатер төндіреді» делінген. Бельгияның прогрессіл журнылығы Лондон қарарларын «бейбітшілікке төнген қатер» деп санауда. Францияда, Голландияда, Швецияда, Данияда дәл осындай үндер естілуде.

Ал оның бер жағында Герман Демократиялық Республикасының бес жылдығын мейрамдауға қатысқан ССРО Үкмет делегациясының басшысы В. М. Молотовтың сөзінде айтылған және Германияны бейбітшілікпен біріктіруді көздейтін герман мәселесі жөніндегі совет ұсыныстарына халықтар барған сайын зор назар аударуда.

Кәзіргі жағдайда герман проблемасын шешу үшін Германияның бірлігін қалпына келтіру жолдарын табу басты және шұғыл міндет болып табылады. Совет Одағы бұл жолдарды көрсетіп отыр. Ал Лондон кеңесінің қарарлары Германияны онан әрі бөлшектелуге ұшыратады, демек, халықтардың бейбітшілігі мен хауіпсіздігіне жаңа қатер төндіреді.

ШВЕЦИЯДАҒЫ КОММУНАЛДЫҚ САЙЛАУДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ

Швецияда коммуналдық өзін-өзі басқару органдарының сентябрь айының екінші жартысында болған сайлауының қорытындылары шығарылды. Сайлаудың нәтижелері, сондай-ақ бұл сайлаудың қандай жағдайда өткендігі Швеция халқының көзқарасын сыпаттап отыр.

Сайлау алдындағы науқанның ерекшелігі мынада болды: соғыс әзірліктерін күшейтуге бағытталған шараларды жүзеге асыруды көздейтіндей программа ұсынуға партиялардың ешқайсысының батылы бармады. Мұның керісінше, барлық партиялар, соның ішінде тіпті Швеция буржуазиясының «оңшыл партиясы» да, сыртқы саяси одақтарға қатыспаудың дәстүрлі Швеция саясатын жүзеге асыруды және соғыс шығындарын азайтуды жақтап отырмыз деп сендірді. Билеуші топтар өкілдерінің басым көпшілігінің сайлау алдында сөйлеген сөздерінің халықаралық бейбітшілікті баянды ету саясатын жүзеге асыруға және Швеция халқының материалдық жағдайын жақсартуға өзінше бір міндеттемелер алған сыпаты болды. Осының бәрі сайлаудың нәтижелеріне әсерін тигізді. Швецияны соғыс блоктеріне қатысудан қорғауға және соғыс шығындарын азайтуды қамтамасыз етуге міндеттенген социал-демократтардың үкметтік партиясы дауыстың ең көп бөлегін алды. «Оңшыл партияның» кандидаттарына берілген дауыстар да арта түсті.

Ал оның бер жағында өзінің басшылары елдің Американы жақтайтын саясат жүргізуін ашықтан-ашық қолдан отырған «халықтық» дейтін (буржуазиялық) партия зор жеңіліске ұшырады. Бұл партияның өкілдері де бейбітшілік саясатын және соғыс шығындарын азайтуды жақтаймыз деп мәлімдей тұрса да, дегенмен Швеция сайлаушылары бұларға сенген

дың 19 тана арнаулы үйлері қамтамасыз етілген. Ал қалғандары колхоздардың, ауыл-селолық Советтердің кеңселерінің тар бөлмелерінде сыйысып отыр. Бұл ауданда олар үшін жаңадан арнаулы үй салу дұрыс жоспарланбаған, ал жоспарланған үйлердің көпшілігі салынбай қалып отыр. Аудан орталығында салынып жатқан кітапхана үйі құрылысының төрт

Мәдени-ағарту орындарын қысқы маусымға уақытында үлгілі әзірлеу еңбекшілер арасында саяси-тәрбие жұмыстарын кең көлемде және мазмұнды жүргізуге мүмкіншілік береді.

Е. ФЕЙГЕ,

ҚКП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

Зор қамқорлық

Жұмысшылардың еңбек өнімділігінің жоғары болуы үшін олардың еңбек ету жағдайын жақсарту басты роль атқарады. Қаладағы С. М. Киров атындағы завод та бұған көп көңіл бөлінген. Цехтардың таза, жарық болуы қамтамасыз етілген. Кәсіподақ ұйымының завод дирекциясымен жұмысшылардың еңбегін қорғау және техника хауіпсіздігін жақсарту жөнінде жасаған шарты бойынша 1954 жылға арналып бұл жұмыстар үшін 176,3 мың сом қаржы бөлінген болса, одан өткен үш тоқсанның ішінде 130 мың 573 сом қаржы пайдаланылды. Жақында екінші, үшінші этаждарға ауыр салмақты жүктерді жеткізетін жүк көтергіш орнатылды. Бұл жұмыс бұрын қолмен жүргізілетін. Цехтардың ауасын тазартатын вентиляциялардың саны көбейтілді және олардың жұмыс істеуі жақсартылды.

Жұмысшылардың еңбекке ынтасын арттыру мақсатымен оларға сыйлықтар беріп отыру ісі жиі қолданылады. Завод та көп жылдар бойы мінсіз еңбек еткендерге жылдық жалақысының 10—25 процент мөлшерінде сыйлықтар беріледі. Егер кәсіподақ мүшелері уақытша жұмыска жарамай қалса, ондайлардың еңбекақысы толық немесе 60 процеттен астамы төленіп отырылады. Жұмыс жасынан асқандар немесе еңбек мүгедектері өмірлік пенсиялармен қамтамасыз етіледі.

Завод жұмысшылары мен инженер-техник қызметкерлері үшін соңғы жылдары ондаған пәтер үйлер салынды. Осы жылдың аяғына дейін тағы да 27 пәтерлік тұрғын үй салынбақ. Заводтың озат жұмысшылары Мұқтаров, Зайнуллин және басқаларының семьялары жаңа жылды осы жаңа пәтерлерде қарсы алмақ.

Заводтың клубы жұмысшыларды мәдениетті қамту үшін көп жұмыс істеп отыр. Клуб қажетті мебельдермен, музыка аспаптарымен және әртүрлі үйірмелерге керекті жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Мұнда күн сайын кинокартиналар көрсетіліп, завод көркемөнерпаздарының күшімен концерттер беріледі. Апта сайын жастар кеші ұйымдастырылады. Жұмысшылар ұйымдасқан түрде қала сыртына шығып, мәдениетті түрде тынығып отырады.

Осындай күнделікті жасалып отырған қамқорлықтың нәтижесінде жұмысшылардың әл-ауқат дәрежесі жақсарып, жұмыс өнімділігі артуда. Көзір завод жұмысшылары Ұлы Октябрь революциясының 37 жылдығы құрметіне социалистік жарысқа түсіп, еңбекте жаңа табыстарға жетуде.

А. БАЛЖАНОВ

Колхоздың ақшалай табысы

«Красная крепость» колхозының (Конюхов ауданы) қоғамдық шаруашылығы өркендеуіне байланысты жыл сайын колхоздың ақшалай табысы да молайып келеді. Өткен жылы колхоздың жалпы ақшалай табысы 720 мың сом болса, бұйылғы жылы ол 1 миллион сомнан асты.

Колхоз мемлекетке тапсырылған және сатылған астықтан 600 мың сом кіріс тапты. Ал, мал шаруашылығы өнімдерінен келген кіріс 400 мың сомнан асады. Колхоздың кірісінің көбеюі колхозшылардың ақшалай табысын молайта түсуде. Колхозшылар бұдан біраз уақыт бұрын еңбеккүнге бір сом 30 тыйыннан ақша алған болатын. Жақында колхоз басқармасы еңбеккүнге тағы да 2 сомнан ақша бөлді.

Колхозшылардың ақшалай табысының молаюы олардың материалдық тұрмысын жақсартып, сатып алу қабілетін арттыруда. Алдыңғы қатарлы колхозшылар өздерінің еңбеккүндеріне жүздеген сом ақша алып, оған магазиндерден үй мебельдерін, мотоциклдер және басқа көпшілік тұтынатын товарлар сатып алды.

К. ҚАБДУОВ.

Еңбеккүнге астықты көп алуда

Булаев ауданының Сталин атындағы колхозының басқармасы колхозшыларға еңбеккүнге астық бөлді. Жылқышылар К. Сәрсенов, С. Бақтыбаев жолдастар еңбеккүнге 115 пұттан астық алды. Сондай-ақ, сауыншылар К. Сәрсенова, Ж. Сейілханова және басқалары 72—90 пұттан астық алды. Колхоз басқармасы жыл аяғына дейін тағы да 1 килограмнан астық бөлуді көздеп отыр. Сонда колхозшылар әрбір еңбеккүнге ақшадан басқа 3 килограмнан астық алатын болады. Мұның өзі колхозшылардың табысын молайтып, олардың материалдық тұрмысын одан сайын жақсарта түседі.

М. ЗАҒЕЛПАРОВ.

шылар мен шаруалардың одағын бұрынғыдан да нығайтады».

Үндеудің қорытындысында Чехословакияның коммунистік партиясының еңбекшілерді мемлекетті басқару ісіне бұрынғыдан анағұрлым белсенді қатыстыруға, сол сияқты еңбекшілердің әл-ауқатын онан әрі арттыра беруге ұмтылып отырғаны атап көрсетілген.

Чехословакия коммунистік партиясының Орталық комитеті 28 ноябрь күнінің Чехословак Республикасының коммунистік партиясының, үкметінің және халқының мызғымас бірлігінің орасан зор жаңа патриоттық демонстрациясы болуы үшін республиканың барлық азаматтарын Чехословак Республикасының Ұлттық жыйналысына депутаттар сайлау жөніндегі өздерінің құрметті праволарын пайдалануға шақырады.

СУЭЦ КАНАЛЫ АЙМАҒЫ ЖӨНІНДЕГІ КЕЛІССӨЗДЕРДЕГІ АҒЫЛШЫН- ЕГИПЕТ АЛАУЫЗДЫҚТАРЫ

КАИР, 11 октябрь. (СОТА). Суэц каналы аймағы жөніндегі келісімге бүгін қол қойылады деп күтіп отырған кезде туған ағылшын- египет алауыздықтары Египет баспасөзінің басты назарын аударуда. Газеттер былай деп жазады: көзқарастардың келіспеуі салдарынан келісімге қол қою белгісіз мерзімге кейінге қалдырылады.

Үкметке жақын «Ал- Гумхурия» газетінің сөзіне қарағанда, бұл алауыздықтар Суэц каналы аймағының бойында соғыс базаларын сақтау үшін қалдырылатынын ағылшын «эксперттері» туралы мәселе жөнінде болып отыр.

«Аль- Ахрам» газеті былай деп жазады: делегациялар базалардың территориясындағы құрылыстарды ұстау және пайдалану үшін контрактілер жасалуға тиісті ағылшын бірлестіктері өкілдігінің статуты жөніндегі мәселеде келіспеген.

«Аль- Ахбар» газеті де осы өкілдіктің статуты жөніндегі мәселе көзіргі алауыздықтардың себебі болып табылды деп атап көрсетеді.

Газет сөздеріне қарағанда қайшылықтарды реттеу және келісімге қол қою ағылшын үкметінің жауабына байланысты.

ДАЛАДЬЕНІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

ПАРИЖ, 11 октябрь. (СОТА). Баспасөздердің хабарына қарағанда, Жоғарғы Пиреней департаментінің радикалдар партиясы конференциясында сөз сөйлеп, Эдуард Даладье Германияны қаруландыруды жақтаушыларға бұл жағдайдың қарулануды күшейтуі мүмкіндігіне қарсы ескерту жасаған. Даладье Шығыс пен Батыс арасында бейбітшілікте өмір сүруді қамтамасыз ететін халықаралық келіссөздерді жақтап пікір айтқан. Ол сонымен бірге, ССРО мен келіссөздер жүргізуді жақтаған, мұның өзінде ол ССРО-ның баянды бейбітшілікті қажет ететіндігін өйткені ол аса зор жұмыстарды жүзеге асыруға кіріскендігін атап көрсеткен.

ды күштерді және соғыс қаражаттарын азайту екі түрлі мерзімде және 1953 жылғы 31 декабрьге дейінгі мөлшерін ескке ала отырып жүзеге асырылуға тиіс деп көздейді. Сонымен бірге конвенцияға қатысушы мемлекеттер, совет ұсыныстары бойынша, жаппай қырып-жоятын қарудың барлық түрлеріне тыйым салумен бірге қарудың мұндай түрлерін өндіруді тоқтатып, оларды қару-жарақтан толық алып тастауға тиіс.

Жаңа совет инициативасын мақұлдап, француздың «Монд» газеті былай деп жазған: «Қарусыздандыру проблемасын шешу бағытында бірнеше жылдар ішіндегі қай кездегіден болса да ең зор қадам жасалғаны БҰҰ топтарында мойындалуда». БҰҰ-ның қарусыздандыру жөніндегі комиссиясындағы Францияның өкілі Жюль Мок совет ұсыныстарының маңыздылығы туралы айта келіп, бұл ұсыныстардың «баянды бейбітшілік орнатуға бағытталған жұмысты жемісті етуі» мүмкін деп атап көрсеткен. Англияда да совет ұсыныстары жөнінде осыған көбірек ұқсайтын пікірлер айтылуда. «Вышинскийдің сөзінде (қарусыздандыру туралы мәселе

болуына берілген рұқсатты ...), бұл армияда жаңадан шақыр... адамдарды қысқа мерзімде оқып, оларды кейіннен резервке көшірді... көп уақытты ... қыр көрсетуіне мүмкіндік бер... миясы болды. Мұнымен қатар... милитаристерінің, күш жыйнап... міндеттемелерінен қашан да ... тартатыны тарихтан мәлім. А... әрекеттерін бақылауға келеті... мұндай бақылаудың тиімділігі ... договорының нәтижелерінен жа...

Тарихтың сабақтарын еске... Европаның халықтары, ең алд... ңуз халқы, «европалық қорғ... тін» құруға жол бермеді. Бі... қарарлары іс жүзінде күйрегеннен... тіктің» аса маңызды жақтары... тудырады. АҚШ мемлекеттік ... Даллестің Лондондағы келіссөздің нәтижелеріне қанағаттанатынын ... тегін емес.

Лондон қарарлары халықтарды ... мүдделеріне қайшы келеді. Де... шыл жұртшылықтың бұл қарарлар... дегі алғашқы пікірлерінің өзі ...

...ен осылар жаңадан зор армия... ...рман милитаристерінің, өз ... ...ып, бастартатыны ... ...ардың ... ...сақ болсақ, ...саль договорының ... мәлім. ... отырып, ...н французбірлестіктің ... ...ратия... ...дірген... ...н ми...

...ен ... партия» 125 мыңнан аса дауыстан айрылды.

Швеция компартиясының сайлауда жеткен табыстарының зор сыпаты бар, бұл партия бейбітшілік үшін, соғыс шығындарын азайту үшін, Швеция халқының материалдық және мәдени тұрмыс дәрежесін арттыру үшін күресудің айқын және дәйекті программасын ұсынған болатын. Сайлаудың қорытындысында компартия 200 мыңға дейін дауыс алды; 1950 жылғы риксдаг сайлауымен салыстырғанда, компартияға дауыс бергендердің саны 18 мыңнан аса артқан (атап айта кетелік: Швеция партияларының бірде-бірі өздеріне берілген дауысты мұндай дәрежеде арттыра алған жоқ).

Швециядағы көзіргі коммуналдық сайлаудың қорытындылары Швеция халқы өз елінің бейбітшілікті баянды ету саясатын, соғыс шығындарын азайту және бұқараның әл-ауқатын арттыру саясатын жүргізуін тілеп отыр деген даусыз ақиқатты дәлелдеп берді.

П. РЫСАКОВ.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Киноларда

«УДАРНИК» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Екінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» кинотеатрында

«ҚАҢҒЫРҒАН АДАМ»
(Бірінші сериясы)

Сеанстар кешкі сағат 6-50, 8-40 және 10-30-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Заготживсырье» мекемесіне түпкілікті жұмысқа жеке баланста істеу үшін аға бухгалтер, бухгалтер- ревизор және есепші -кассир КЕРЕК. Еңбекақы смета бойынша төленеді.

АДРЕС: Петропавл қаласы, Қарағанды көшесі, 51-үй. Телефон 7—30.

Оқушылар үшін пәтер үй КЕРЕК.

Пәтерге үй берушілердің сауда- кулинарлық мектепке келіп жолығуларына болады.

Петропавл қаласы, Осипенко көшесі, 6-үйде тұрушы Анна Васильевна Черкашина Петропавл қаласы, Каманин көшесі, 91-үйде тұрушы Дмитрий Федорович Черкашиннен айырылатыны жөнінде арыз берді.

Іс Петропавл қаласындағы 4-участоктік халық сотында қаралады.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петровев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор—1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретарат —1-33, партия, насихат және хат бөлімдері—0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп- транспорт бөлімдері —2-36, мәдениет-тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері —3-39, корректорлар бюросы—4-39. Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе—1-1телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02681. Қазақ ССР Мәдениет министрлігі баспа және полиграфия өнеркәсібі, Жоғарғы басқармасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй